Екі жеке ас әзірлеу аймағымен сіз аэрогрильде бір мезгілде екі түрлі тағам әзірлеп отыра аласыз, бұл негізгі тағам мен гарнир әзірлеу үшін мінсіз болып табылады. Енді Сізге тағамдарды дастарханға қоюдың уақытын ойлап қам жеудің қажеті жоқ, ыңғайлы синхрондау функциясы екі тостағанда өзінің бөлек уақыты мен температурасын баптаумен бір мезгілде екі түрлі тағам әзірлеп отыруға мүмкіндік береді, алайда бұл жағдайда екі тағамның екеуі де бір уақытта дайын болады!

Температурасы мен уақытын қолмен орнату әр тағамды өзіңізге ұнайтындай етіп даярлап шығуға мүмкіндік береді.

Екі тостағаны бар Amway™ iCook™ аэрогрилін (бұдан әрі мәтін бойынша аэрогриль, бұйым, аспап, құрылғы) қауіпсіз әрі тиімді пайдалану үшін осы пайдаланушының нұсқаулығымен мұқият танысып, онда көрсетілген ұсынымдар мен талаптарға сүйеніп отырыңыз. Өндіруші қабылдаған шараларға қарамастан, аэрогриль осы нұсқаулықтың талаптарын елемеген және (немесе) бұзған жағдайда Сіздің денсаулығыңызға, мүлкіңізге нұқсан келтіруі мүмкін.

Егер нұсқаулықпен танысып шыққаннан кейін сұрақтарыңыз қалса, өндірушінің Қазақстан Республикасындағы уәкілетті өкілімен байланысыңыз.

Техникалық күтім жасау, орнату және қосып жалғау шараларын осы нұсқаулықпен танысқан тұлғалар орындауы тиіс. Мұндай операцияларды балалардың, алкогольдік, есірткілік масайырау күйіндегі тұлғалардың, сондай-ақ әсері күшті медициналық препараттардың әсерінде жүрген тұлғалардың орындауына жол бермеңіз.

Осы пайдаланушының нұсқаулығын «Эмвэй Қазақстан» ЖШС өндірушінің түпнұсқа нұсқаулығының негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын ескерумен әзірлеген. Осы пайдаланушының нұсқаулығы (бұдан әрі мәтін бойынша «нұсқаулық») пайдаланушыны бұйыммен және оны қауіпсіз пайдалану әдістерімен таныстыруға арналған.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Пайдаланушының нұсқаулығын оқу және сақтау



Бұл нұсқаулық екі тостағаны бар Amway™ iCook™ аэрогрилімен бірге беріледі. Онда аэрогрильді қалай баптау және пайдалану керектігі туралы маңызды ақпарат берілген.

Аэрогрильді қолданудың алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Бұл әсіресе қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарға қатысты. Бұл талапты орындамау жарақаттарға немесе құрылғының бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Нұсқаулықты одан әрі пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Аэрогрильді үшінші тұлғаларға берген кезде онымен бірге осы нұсқаулықты міндетті түрде ұсыныңыз.

Сақтық шаралары

Аэрогриль жоғары температурадағы кулинариялық өндеуді қажет ететін және олай болмағанда өздерін фритюрде қуыру керек болатын өнімдерді даярлауға арналған.

Электрлік тұрмыстық аспапты пайдаланған кезде негізгі қауіпсіздік талаптарын, сонымен бірге төмендегі талаптарды ұстанып отыру қажет.

Бұйым тек үйде пайдалануға арналған және пайдаланушының оған техникалық күтім жасауына (жөндеуіне) келмейді. Құрылғыны коммерциялық мақсатта пайдаланған жағдайда осы нұсқаулықта сипатталған Amway компаниясының кепілдігі күшін жояды. Заңды құқығы күшінде қалады. Amway компаниясы бұйымды ол арналған мақсаттардан өзге мақсатта пайдаланудың салдарынан туындаған жарақаттар немесе нұқсан үшін жауапкершілікті арқаламайды.

Бұйымды осы нұсқаулықта сипатталған түрде пайдаланып отырыңыз. Оны басқа кез келген түрде пайдалану сәйкес емес түрде пайдалану деп саналады және мүліктің бүлінуіне және адамдардың жарақат алуына әкеп соқтыруы мүмкін. Бұйым балалар ойнайтын ойыншық емес.

Өндіруші немесе сатушы бұйымды дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған нұқсан немесе жарақаттар үшін жауапкершілікті арқаламайды.

СИМВОЛДАР МЕН АЛДЫН-АЛА ЕСКЕРТУ ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Келесі қауіпсіздік символдары мен алдын-ала ескерту жазбалары осы пайдаланушының нұсқаулығында, аспапта немесе оның қаптамасында қолданылады.



Бұл символ бұйымды ұстау мен пайдалану бойынша пайдалы қосымша ақпаратты білдіреді.



Бұйым ЕАЭО техникалық регламенттердің талаптарына сай және сәйкестігін растау рәсімінен өтті.



АБАЙЛАҢЫЗ: ыстық беттер.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

Символдардың / сигналдық сөздердің анықтамасы

Осы пайдаланушының нұсқаулығында келесі түрдегі символдар мен сигналдық сөздер қолданылған.



Бұл сигналдық символ / сөз өзін айналып өтпеген жағдайда өлімге немесе ауыр жарақатқа әкеп соқтыруы мүмкін қалыпты тәуекелге ие қауіп-қатерді білдіреді.



Бұл сигналдық символ / сөз өзін айналып өтпеген жағдайда ауырлық дәрежесі жеңіл немесе орташа жарақатқа әкеп соқтыруы мүмкін төмен тәуекелге ие қауіп-қатерді білдіреді.



Бұл сигналдық сөз мүліктің бүліну ықтималдығы туралы алдын-ала ескертеді.



Жарақат алу қаупі!

Егер сіз бұйымды тиісті түрде пайдаланбай отырсаңыз, жарақат алудың жоғары дәрежедегі тәуекелі орын алады.

- Бұл бұйымды 14 жасқа толған және одан үлкен балаларға, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектелген немесе тәжірибесі мен білімі шектелген тұлғаларға басқа тұлғалардың бақылауымен, сондай-ақ оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулама берілген және олар осымен байланысты қауіп-қатерді түсінеді деген шартпен пайдалануына болады.
- Балалар аспаппен ойнамауы тиіс. Аспапты және оның желілік бауын балалардың қолы жетпейтінде жерде сақтаңыз.
- Аспапты пайдалану кезінде оны қараусыз қалдырмаңыз.
- Балалардың бұйымның пластик қаптамасымен ойнамауын қадағалаңыз. Олар онымен ойнаған кезде онымен оранып тұншығып қалуы мүмкін.
- Бұйымның ішіндегі ас күйіп кетуі мүмкін. Сол себептен аэрогрильді шымылдық сияқты тез тұтанатын материалдардың жанында пайдаланбаңыз.
- Желілік бауы бүлінген аспапты пайдалануға тыйым салынады.
- Бұл бұйымға арнап сыртқы таймер немесе қашықтан басқару жүйесі көзделмеген.



Электр тогына ұрыну қаупі!

Ақауланған электр сымдары, желідегі шамадан тыс мөлшердегі кернеу немесе дұрыс пайдаланбау электр тогына ұрынуға әкеп соқтыруы мүмкін.

- Аспапты желі мен розеткадағы кернеу зауыттық тактайшадағы деректерге сай болған жағдайда ғана қосып жалғаңыз.
- Проблемалар туындаған жағдайда аспапты желіден ажырату жеңіл болу үшін жеңіл қолжетімді розеткаға ғана қосып жалғап отырыңыз.

- Аспап бүлінген жағдайда немесе оның желілік бауы немесе ашасы ақауланған болса, аспапты пайдаланбаңыз.
- Аэрогрильдің корпусын ашпаңыз. Кепілдік бойынша шағымдар егер жөндеу жұмыстарын пайдаланушы орындаған болса, аспап дұрыс жалғанбай немесе дұрыс пайдаланылмаған болса, қабылданбайды.
- Аспапты немесе желілік бауды суға немесе басқа сұйықтарға салмаңыз.
- Желілік ашаны ешқашан су қолыңызбен ұстамаңыз.
- Розеткаға тығылған ашаны бауынан тартып суырмаңыз; оның орнына әрдайым ашаның өзінен ұстап суырып отырыңыз.
- Аспапты оның желілік бауынан тартып орнынан жылжытып, тартып немесе тасымалдамаңыз.
- Аспап пен желілік бауды жанып тұрған от пен ыстық беттерден алыс жерде сақтаңыз.
- Желілік бауды оған шалынбайтындай етіп төсеңіз.
- Желілік бауды шамадан тыс бүктемеңіз және оны өткір жиектерге қоймаңыз.
- Бұйымды тек бөлменің ішінде ғана пайдаланыңыз. Бұйымды ылғал бөлмелердің ішінде немесе жауынның астында пайдаланбаңыз.
- Бұйымды ол ваннаның ішіне немесе шұңғылшаға құлап кетпейтіндей етіп орналастырыңыз.
- Суға құлап кеткен электр аспабын шығаруға ешқашан әрекет жасамаңыз. Бұл жағдайда ашасын розеткадан суырып алыңыз.
- Корпусының ішіне қандай да бір бұйымдарды ешқашан салмаңыз.
- Бұйымды пайдаланбаған кезде, оны жуатын кезде немесе ол ақауланған жағдайда оны әрдайым өшіріп және желіден ажыратып отырыңыз.



Ыстық бұға, бұйымға күйіп қалу және өрт шығу қаупі!

Аэрогрильдің тостағандары мен сыртқы беті жұмыс кезінде қызады.

- Аспап қыза бастаған немесе суына бастаған уақытта оны қараусыз қалдырмаңыз.

- Бұйым жұмыс істеп тұрған кезде оның ыстық бөліктерін жалаңаш қолыңызбен ұстамаңыз. Бұйымды көтеріп және орнынан қозғау үшін әрдайым тұмшапешке арналған термооқшаулағыш биялайларды немесе тұмшапешке арналған тұтқыштарды пайдаланып отырыңыз. Есіңізде болсын, құрылғы өшірілгеннен кейін әлі біршама уақыт ыстық қалпында болып отырады. Басқа пайдаланушыларға қауіп-қатер туралы нақты ақпарат беріп отырыңыз.
- Әлі суымаған құрылғыны көтеріп тасымалдамаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде оның үстін және желдеткіш саңылауларын жаппаңыз.
- Ас әзірлеп бола салысымен тостағандарды ешқашан аудармаңыз, себебі олардың түбіне ыстық май немесе сұйық жиналуы мүмкін.
- Тостағандарды орнатып және шешіп алған кезде, сондай-ақ қуырған кезде ыстық бу бөлініп отыруы мүмкін. Өзіңізді ыстық будан қорғаңыз.
- Тостағандарды орнатып және шешіп алған кезде әрдайым тұтқаларды пайдаланып отырыңыз.
- Ас әзірлеу үшін майды ешқашан тостағандарға құймаңыз. Қажетіне қарай майды ас әзірлеудің алдында тамаққа қосып отыру ұсынылады.
- Тостағандарды шамадан тыс мөлшерде толтырмаңыз. Ас немесе ішіне қойылған контейнер (мысалы, пісіруге арналған қалып) тостағандардың үстіндегі қыздырғыш элементтерге жанасып тұрмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау, тазалау немесе сақтаудың алдында әрдайым толығымен суынуын күтіңіз.

АЛДЫН-АЛА ЕСКЕРТУ!

Бүліну қаупі!

Құрылғыны дұрыс ұстамау оның бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.


Құрылғыны жеңіл қолжетімді тегіс құрғақ отқа шыдамды және барынша орнықты жұмыс бетіне қойыңыз. Құрылғыны беттің шетіне қоймаңыз.

- Жылудың жиналуына жол бермеңіз, құрылғыны тура қабырғаның жанына, шкафтардың астына немесе соған ұқсас жерлерге қоймаңыз. Сондай-ақ шымылдық немесе дастархан сияқты тез тұтанатын материалдарға дейін жеткілікті мөлшерде қашық жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.

- Құрылғыны ешқашан ыстық беттерге (плиталар және т.б.) немесе солардың жанына қоймаңыз.
- Құрылғының үстіне ешнәрсе қоймаңыз.
- Ыстық тостағандарды ешқашан ыстыққа шыдамайтын беттерге қоймаңыз.
- Желілік баудың ыстық бөліктерге жанаспауын қадағалап отырыңыз.
- Құрылғының жоғары температуралардың (жылытқыштар және т.б.) немесе ауа-райы жағдайларының (жауын-шашын және т.б.) әсеріне түсуіне ешқашан жол бермеңіз.
- Құрылғыға ешқашан су немесе соған ұқсас сұйықтарды ешқашан толтырып қоймаңыз.
- Корпусын ешқашан суға салып тазалауға тырыспаңыз және оны тазалау үшін бұмен тазалағышты қолданбаңыз. Олай болмағанда құрылғы бүлінуі мүмкін.
- Құрылғыны ешқашан ыдыс жуғыш машинаға салмаңыз. Бұл жағдайда ол бүлінуі мүмкін.
- Егер құрылғының пластик бөліктерінде жарықтар, сынулар пайда болса немесе олар деформацияланған жағдайда оны пайдалануды тоқтатыңыз.
- Тамақ өнімдерімен жанасатын беттерді тазалау жөніндегі нұсқаулықтарды “Тазалау және техникалық күтім жасау” тарауынан қараңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бұл құрылғы ас әзірлеудің жоғары температурасын қажет ететін және олай болмағанда фритюрде қуырды қажет ететін өнімдерді жылумен өңдеуге арналған.



АЛҒАШҚЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АЛДЫНДА

Құрылғыны және қаптаманың ішіндегі заттарды тексеру

АЛДЫН-АЛА ЕСКЕРТУ!

Бүліну қаупі!

Құрылғыны бүлдіріп алмау үшін қаптамасының аузын өткір пышақпен немесе басқа өткір затпен ашқан кезде абай болыңыз. Қаптамасынан шығарған кезде абай болыңыз.


1. Құрылғыны қаптамасынан шығарып және барлық керек-жарақтар мен қоса берілген құжаттардың қаптамасын ашыңыз.
2. Жиынтығында барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз (“Ішіндегі заттар” тарауын қар.).
3. Құрылғының немесе оның жекелеген керек-жарақтарының бүлінбегенін тексеріңіз. Бүлінген құрылғыны пайдаланбаңыз. Нұсқаулықта көрсетілген байланыс деректері бойынша өндірушімен, сатушымен хабарласыңыз.

Бұйымды бастапқы тазалау


1. Буып-түю материалы мен пластик орамалардың барлығын шешіңіз.
2. Алғаш рет пайдаланудың алдында құрылғының барлық бөліктерін “Тазалау және техникалық күтім жасау” тарауында көрсетілгендей тазалап алыңыз.

ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

1. Желілік бау **4** толығымен тарқатып және аэрогрильді **1** лайық келетін желілік розетканың жанына құрғақ, орнықты, тегіс және ыстыққа шыдамды бетке орналастырыңыз.
2. Ашу түймешіктерін **9** басылған қалпында ұстап тұрыңыз және тостағандарды **5**/**6** корпуста **1** шығарып алу үшін тұтқаларынан **8** ұстап тартыңыз (*1-сур. қар.*).




3. Табандықтарды 7 тостағандардың 5/6 түбіне қойыңыз (2-сур.қар.).



4. Тостағандарға ас әзірлеуге арналған өнімдерді толтырып салыңыз.

Тостағандарды шамадан тыс мөлшерде толтырмаңыз. Тостағандардағы өнімдер олардың ішінде көрсетілген ең жоғары толтыру деңгейінен 10 аспауы тиіс (2-сур. қар.) және корпустың 1 ішіндегі тостағандардың үстіндегі қыздырғыш элементтерге жанасып тұрмауы тиіс.



5. Тостағандарды **5/6** корпусың **1** ішіне салыңыз (з-сур.қар.).

Тостағандарды орнату немесе шығарып алу үшін әрдайым тұтқаларын пайдаланып отырыңыз. Құрылғы тостағандар дұрыс орнатылған жағдайда ғана жұмыс істейді.

6. Желілік баудың ашасын желілік розеткаға жалғаңыз. Құрылғы дыбыстық сигнал береді, ал қосылу пернесі жыпылықтап жанып тұрады, бұл құрылғының күту режимінде тұрғанын білдіреді.

7. Құрылғыны қосу үшін қосу пернесін басыңыз.

Құрылғы қосулы тұрған кезде сенсорлық экраны жанады, ал екі тостағанның дисплейлерінен бастапқы бапталған түрінде ас әзірлеудің уақыты мен температурасы (30 минут, 180 °C) кезек-кезек көрсетіліп отырады.

АЭРОГРИЛЬДІ ПАЙДАЛАНУ



- Сенсорлық экранның пернелері **2** жанасуға сезімтал болып келеді.
- Пернені басқан кезде дыбыстық сигнал естіледі.

1. Құрылғыны дұрыс баптап алыңыз.

“Пайдалануға дайындау” тарауын қараңыз.

2. Өзіңіз пайдаланғыңыз келетін тостағандарды **5/6** таңдаңыз.

“Тостағандарды таңдау” тарауын қараңыз.

3. Керекті бағдарламаларды таңдап, ас әзірлеу процесін іске қосыңыз.

Тез баптау үшін “Ас әзірлеу режимдерін пайдалану» тарауын қараңыз.

Анағұрлым дәл етіп баптау үшін “Қолмен баптау» тарауын қараңыз.

4. Ас әзірлеу процесі басталғаннан кейін қалған уақыты мен ағымдағы температурасы тостағанның дисплейінен **12/14** кезек-кезек көрсетіліп отырады.

Сіз құрылғы іске қосылғаннан кейін әртүрлі режимдерді таңдап немесе ас әзірлеудің уақыты мен температурасын өзгертіп отыра аласыз (“Ас әзірлеу режимдерін пайдалану” және “Қолмен баптау» тарауларын қараңыз).

5. Ас әзірлеу процесі аяқталғаннан кейін құрылғы ас әзірлеуді тоқтатады, 5 дыбыстық сигнал естіледі және аспап күту режиміне қайтып оралады.

Құрылғының ішкі бөліктері аэрогриль жеткілікті дәрежеде суыған сәтке дейін жұмыс істей беруі мүмкін.

6. Аэрогрильдің **1** тостағандарын шығарып алу үшін тұтқаларды **8** пайдаланыңыз.
7. Тостағандардың ішіндегі өнімдерді шығарыңыз. Қажетіне қарай қысқыштарды пайдаланыңыз.
Тостағандарды аудармаңыз, себебі олардың түбіне ыстық май жиналуы мүмкін.
8. Ас әзірлеу аяқталғаннан кейін желілік бау **4** желілік розеткадан суырып алыңыз.
9. Құрылғының барлық бөліктерінің 30 минут суынуын күтіңіз, одан кейін оларды қауіпсіз түрде ұстауға болады.
10. Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін оның барлық бөліктерін тазалаңыз (“Тазалау және техникалық күтім жасау” тарауын қараңыз).

ТОСТАҒАНДАРДЫ ТАҢДАУ

Тостағандарды **5**/**6** бірге бірдей ас әзірлеу бағдарламасы бойынша немесе жеке-жеке әртүрлі бағдарламалар бойынша пайдаланып отыруға болады.

- **Тостағанның біреуін ғана пайдалану үшін**
Таңдау үшін А тостағанының пернесін **11** немесе В тостағанының пернесін **15** басыңыз.
- **Тостағанның екеуін бірдей ас әзірлеу бағдарламасы бойынша пайдалану үшін**
Екі тостағанның екеуін бірдей пайдалану үшін «А+В» пернесін **13** басыңыз. Бастапқы орнатылған параметрлерді өзгертпеген болсаңыз, екі тостағанның екеуі де бірдей ас әзірлеу бағдарламасы бойынша жұмыс істейді.
- **Тостағанның екеуін әртүрлі ас әзірлеу бағдарламасы бойынша пайдалану үшін**
А тостағанының пернесін **11** басыңыз және А тостағынына арнап ас әзірлеу бағдарламасын **5** таңдаңыз. Артынан В тостағанының пернесін **15** басыңыз және А тостағынына арнап ас әзірлеу бағдарламасын **6** таңдаңыз.

Тостағандарды дұрыс таңдау бойынша маңызды ескерту

Егер сіз екі тостағанды **5**/**6** екі бөлек ас әзірлеу бағдарламаларымен пайдаланып отырған болсаңыз, онда ас әзірлеу бағдарламаларын орнатып немесе өзгерту енгізбес бұрын алдымен тиісті пернені **11**/**15** басу арқылы дұрыс тостағанды таңдап алуды ұмытпаңыз. Жыпылықтап жанып тұрған перне сіздің қазіргі сәтте соған сәйкес тостағанды таңдап алғаныңызды білдіреді.

АС ӘЗІРЛЕУ РЕЖИМДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

1. Ас әзірлеу уақыты мен температурасы алдын ала берілген ас әзірлеу режимін таңдау үшін мәзір пернелерінің бірін **22** басыңыз (төмендегі кестені қар.).

Мәзірдің тиісті пернесі ағымдағы баптауды білдірумен жыпылықтап тұрады.

Мәзірдің пернесі	Ас әзірлеу уақыты	Ас әзірлеу температурасы
CHIPS (ЧИПСЫЛАР)	18 минут*	200 °C
MEAT (ЕТ)	20 минут	200 °C
FISH (БАЛЫҚ)	15 минут	170 °C
VEG (КӨКӨНІСТЕР)	12 минут	160 °C
BAKE (НАН ПІСІРУ)	25 минут	160 °C
MELT (ЕРІТУ)	10 минут	180 °C
DEGDR (КЕПТІРУ)	20 часов	45 °C
REHEAT (ЖЫЛЫТУ)	3 минуты	180 °C
* (МҰЗЫН ЕРІТУ)	15 минут	45 °C

* 10 минуттан кейін аэрогриль 3 дыбыстық сигнал береді, бұл тостағандарды шығарып алып, чипсы біркелкі әзірлену үшін сілкіп алу керектігін еске салу болып табылады.

Қажетіне қарай режим таңдалғаннан кейін ас әзірлеу уақыты мен температурасын өзгертсеңіз болады (“Қолмен баптау” тарауын қар.).

2. Ас әзірлеу процесін бастау үшін START/STOP (БАСТАУ/ТОҚТАТУ) пернесін **18** басыңыз.

Ас әзірлеу процесі 5 секундтан кейін қандай да бір түймешікті басусыз автоматты түрде іске қосылады.

Мәзірдің тиісті пернесі ас әзірлеу процесі кезінде жыпылықтауын қояды және үздіксіз түрде жанып тұрады.

CHIPS (ФРИ КАРТОБЫ)

Алдын-ала қойылған уақыты: 18 минут

Қойылған температура: 200 °C

- Жас немесе тоңазытылған картоптан чипсылар, қолмен туралған чипсыларды, фри картобын, тілімдеп туралған картоп, қуырылған картоп, қабығы аршылмаған картоп әзірлеу үшін керемет болып табылады.

- Тоңазытылған картоптан тағам әзірлеу кезінде (мысалы, чипсыларды немесе тілімдерді) май қосудың қажеті жоқ.
- Қолмен туралған жас картоптан чипсылар немесе тілімдерді қуыру үшін туралған картопты оны сыртында сары-қоңыр түсті қытырлақ қабықша түзілу үшін 1–3 ас қасық өсімдік майына аунатып алу ұсынылады.
- Егер сіз қабығы аршылмаған картопты бүтіндей әзірлеп отырсаңыз, картопты 3 рет шанышқымен піскілеңіз.
- Ас әзірлеудің оңтайлы нәтижесіне қол жеткізу үшін тостағандарға өнімдерді жартысына дейін ғана жеткізіп салып отыру ұсынылады. Толы тостаған ас әзірлеудің қосымша уақытын қажет етуі мүмкін.
- Ас әзірлеудің оңтайлы нәтижесіне қол жеткізу үшін өнімдерді ас әзірлеу уақыты бойы кем дегенде екі рет сілкілеп немесе аударып отырыңыз.

MEAT (ЕТ)

Алдын-ала қойылған уақыты: 20 минут

Қойылған температура: 200 °C

- Еттен әзірленетін стейк, сиыр етінен котлет, тауықтың сүбе еті, бекон, жанышталған ет сияқты түрлі тағамдарды әзірлеу үшін керемет болып табылады.
- Еттің мөлшері мен түріне қарай көбірек немесе азырақ уақыт қажет болуы мүмкін. Циклдың ортасында ас әзірлеу процесін тексеріп және қажетіне қарай ас әзірлеу уақытын өзгертіп отырыңыз.
- Оңтайлы нәтижеге жету үшін етті ас әзірлеу циклының ортасында силиконды қалақшамен араластырыңыз/аударыңыз.
- Әзірленген тағамды тұтынудың алдында оның толығымен пісіп шыққанына және ішінің ыстық екеніне көз жеткізу үшін әрдайым тексеріп отырыңыз.

FISH (БАЛЫҚ)

Алдын-ала қойылған уақыты: 15 минут

Алдын-ала қойылған температура: 170 °C

- Балықтың сүбе еті қатты қуырылып/күрғап кетпей, сонымен қатар толығымен пісіп шығу үшін мінсіз болып табылатын ас әзірлеу режимі.
- Аэрогрильде нәлім, тилапия, жайын, минтай, хек, пикша және албырт тәрізді балық түрлерін пісіруге болады.

- Мысалы албырттың жас сүбе етін әзірлеген кезде ас әзірлеудің оңтайлы нәтижесіне қол жеткізу үшін оған аздап өсімдік майын жағуға кеңес беріледі.
- Оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін балықты ас әзірлеу циклының ортасында араластырып қойыңыз.
- Аэрогрильде ашпаяндарды әзірлеу үшін оларды тазаламай, яғни қабығын аршымауға және құйрықтарын кеспей пісіруге, сондай-ақ бір ас қасық өсімдік майын қосып, жақсылап араластыруға кеңес беріледі.
- Аэрогрильде тоңазытылған темпурге салынған теңіз өнімдерін немесе қытырлақ нанның ұнына аунатылған балықтың сүбе етін даярлауға болады.
- Әзірленген тағамды тұтынудың алдында оның толығымен пісіп шыққанына және ішінің ыстық екеніне көз жеткізу үшін әрдайым тексеріп отырыңыз.

VEG (КӨКӨНІСТЕР)

Алдын-ала қойылған уақыты: 12 минут

Алдын-ала қойылған температура: 160 °C

- Қырыққабат, саңырауқұлақ, брокколи, сәбіз, собығымен бірге жүгері, ұсақ көк бұршақ, қасқыржем сияқты көкөністерді әзірлеу үшін мінсіз болып табылады.
- Ірі көкөністерді, мысалы брокколи қырыққабатын нәтижесі оңтайлы болу үшін өлшемі 2,5 см кесектерге турап алу ұсынылады.
- Көкөністерді бір ас қасық өсімдік майын қосып араластырғаннан кейін пісіруге кеңес беріледі.
- Кәді немесе бұрыш сияқты тамыржемістерді немесе жұмсақ көкөністерді ұзағырақ және жоғарылау температурада әзірлеуге тура келуі мүмкін.
- Оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін өнімдерді ас әзірлеу циклы бойы кем дегенде екі рет сілкілеп немесе аударып отырыңыз.
- Баптауларды мерзімді түрде тексеріп және тиісті түрде өзгертіп отырыңыз.

ВАКЕ (НАН ПІСІРУ)

Алдын-ала қойылған уақыты: 25 минут

Алдын-ала қойылған температура: 160 °C

- Аэрогрильде салмасы бар бәліш, кекс, тәтті нандар және печенье сияқты тағамдарды әзірлеуге болады. Аэрогриль сондай-ақ макароннан әзірленген тағамдар үшін мінсіз болып табылады.
- Тәтті нандар немесе печенье аэрогриль тостағанының түбіне күйіп жабысып қалмау үшін тостағанның түбіне май немесе кулинариялық спрей жағуды ұмытпаңыз. Сондай-ақ тостағандардың түбіне фольга немесе нан пісіруге арналған қағаз төсеуге болады.
- Кекс немесе қайнатылған кремі бар тәтті нандарды пісіру үшін табандықтарды шешіп алып және тостағандарға нан пісіруге арналған қалыптарды немесе көмештеуге арналған қалыптарды салыңыз.
- Тостағандарды шамадан тыс толтырмаңыз және ішіне салынған астың пісуін мерзімді түрде тексеріп отырыңыз.

DEGYDR (КЕПТІРУ)

Алдын-ала қойылған уақыты: 20 сағат

Алдын-ала қойылған температура: 45 °C

- Кептірілген жемістер мен көкөністерден дайын дәмді әрі пайдалы басытқылар даярлаңыз.
- Алма, қасқыржем, ананас, банан, қызылша, баялды, шөптер, манго, саңырауқұлақ, құлпынай, қызанақ, қақталған сиыр еті сияқты өнімдерді кептіру үшін өте жақсы.
- Жемістерді (мысалы, алма, банан, манго, ананасты және т.б.) кептірген кезде олардың қабығын аршып және қалыңдығы 3 мм болатындай етіп турауға кенес беріледі.
- Жас шөптерді кептірген кезде оларды жуып, құргатып және сабағын кесіп алыңыз.
- Қақталған сиыр еті сусызданған жағдайда оны түні бойы маринадтап және қалыңдығы 6 мм болатындай етіп тураңыз.
- Өнімдерді арақідік тексеріп және қажетіне қарай даярлану уақытын өзгертіп отырыңыз.

MELT (ЕРІТУ)

Алдын-ала қойылған уақыты: 10 минут

Алдын-ала қойылған температура: 180 °C

- Ірімшік және шоколад сияқты қатқыл өнімдерді еріту үшін керемет болып табылады.
- Балқытылған ірімшігі бар дәмді бутерброд әзірлеңіз, ол үшін ірімшікті екі нан кесегінің арасына салып, тостағанға салыңыз.

REHEAT (ЖЫЛЫТУ)

Алдын-ала қойылған уақыты: 3 минут

Алдын-ала қойылған температура: 180 °C


- «Енді ғана тұмшашаптен шыққандай» етіп тамақтың қалдықтарын жылыту үшін керемет болып табылады.
- Қысқатолқынды пеште қайталап жылыту пицца сияқты кейбір өнімдердің созылғыш текстурасын жоюы мүмкін.
- Екі тостағаны бар аэрогриль пицца, салмасы бар құймақ, ет, макарон бұйымдары және басқа көптеген өнімдерді қыздыру үшін мінсіз болып табылады.

ҚОЛМЕН БАПТАУ



Қажетті режимі таңдағаннан кейін ас әзірлеудің уақыты мен температурасын өзгерту үшін қажетіне қарай 1-ден бастап 4 -ке дейін қадамдардың барлығын қайта орындап шығыңыз (“Ас әзірлеу режимдерін қолдану” тарауын қараңыз).

Сіз қандай да бір режимді таңдамай ас әзірлей бастау үшін уақыты мен температурасын қолмен таңдасаңыз болады.

1. Тостағанның дисплейінен **12/14** ағымдағы ас әзірлеу режимі көріну үшін  (Уақыт/температура) пернесін **17** басыңыз.
2. Баптау пернелерінің  **16** көмегімен ас әзірлеу уақытын қойыңыз (1–60 минут). Уақытын жылдам өзгерту үшін пернені басып ұстап тұрыңыз.
3. Тостағанның дисплейінен ас әзірлеудің ағымдағы температурасы көріну үшін  (Уақыт/температура) пернесін тағы бір басыңыз.
4. Баптау пернелерінің  көмегімен ас әзірлеудің температурасын қойыңыз (45–200 °C). Температурасын жылдам өзгерту үшін пернені басып ұстап тұрыңыз.
5. Ас әзірлеу процесі басталу үшін START/STOP (СТАРТ/СТОП) түймешігін **18** басыңыз.

ЖҰМЫСТЫҢ СИНХРОНДЫ АЯҚТАЛУ ФУНКЦИЯСЫ

Бұл функция екі тостағанда оларға арнап әртүрлі уақыт пен температура қойылғанның өзінде ас әзірлеу процесін бір мезгілде аяқтап отыруға мүмкіндік береді.

1. А тостағанының пернесін **11** басыңыз және А тостағанының ас әзірлеу бағдарламасын **5** қойыңыз.
2. В тостағанының пернесін **15** басыңыз және В тостағанының ас әзірлеу бағдарламасын **6** қойыңыз.
3. SYNC FINISH (Жұмыстың синхронды аяқталуы) пернесін **21**, ал артынан ас әзірлеу процесі басталу үшін START/STOP (СТАРТ/СТОП) **18** пернесін басыңыз.

SYNC FINISH (Жұмыстың синхронды аяқталуы) пернесі бұл функция жұмыс істеп тұрған кезде іске қосылады.

Алдымен ас әзірлеу уақыты ұзағырақ болып келетін тостағандағы ас әзірлеу процесі іске қосылады. Ас әзірлеу уақыты қысқарақ болып келетін тостағандағы ас әзірлеу процесі бірінші тостағанға арнап ас әзірлеудің қалған уақыты екінші тостағанның ас әзірлеу уақытына сәйкес келген сәтте іске қосылады, бұл екі тостағанның екеуінде де ас әзірлеудің бір уақытта аяқталуына мүмкіндік береді.

Сіз сондай-ақ бірінші тостағандағы ас әзірлеу процесі басталып кеткеннен кейін жұмыстың синхронды аяқталу функциясын іске қоссаңыз болады. Алайда бұл функция іске қосылу үшін бірінші тостағанның қалған ас әзірлеу уақыты екінші тостағанның ас әзірлеу уақытынан ұзағырақ болуы тиіс.

KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) ФУНКЦИЯСЫ

Бұл функция әзірленгеннен кейін тағамдарды жылы күйінде ұстап отыруға мүмкіндік береді (бастапқы қойылған уақыты: 2 сағат бойы 60 °С температура жағдайында ұстау). Оны төменде келтірілген әдістердің бірін қолданумен іске қосуға болады:

- Ас әзірлеу бағдарламалары қойылғаннан кейін KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) пернесін **19** басыңыз (“Ас әзірлеу режимдерін қолдану” және «Қолмен баптау» тарауларын қараңыз).
- Ас әзірлеу кезінде KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) пернесін басыңыз.
- Ешбір ас әзірлеу бағдарламаларын қоймастан, тікелей KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) пернесін басыңыз (дербес функция ретінде қолданыңыз).

KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) пернесі бұл функция іске қосылы болған кезде жыпылықтап жанып тұрады.

Ас әзірлеу процесі аяқталғаннан кейін құрылғы 3 дыбыстық сигнал береді және жылы күйінде ұстау функциясын іске қосады.

Жылы күйінде ұстау уақытын реттеу

- KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) пернесін **19** басқаннан кейін (☺/🔥) (Уақыт/температура) пернесін **17** басыңыз, ал артынан баптау түймеші-гінің көмегімен (▲/▼) **16** жылы күйінде ұстау уақытын (1–24 сағат) қойыңыз.

Жылы күйінде ұстау функциясын өшіру

- KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) функциясын өшіру үшін KEEP WARM (ЖЫЛЫ КҮЙІНДЕ ҰСТАУ) пернесін **19** басыңыз. Мұны жылы күйінде ұстау функциясы іске қосылмай тұрып немесе процестің барысында орындауға болады.

АС ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕСІН УАҚЫТША ТОҚТАТУ

- Кейбір тағамдық құрамдас өнімдер ең жақсы нәтижеге ие болу үшін ас әзірлеу процесінің ортасында сілкілеуді немесе аударуды қажет етеді. Аэрогрильдің **1** тостағандарын **5/6** шығарып алыңыз, артынан ішіндегі тағамдық құрамдас өнімдерді сілкілеп немесе аударыңыз.

Ас әзірлеу процесі және ас әзірлеу уақытының кері есебі тостағандарды шығарған кезде уақытша тоқтатылады. Ас әзірлеу процесі тостағандарды қайтадан аэрогрильге салған сәтте қайта жалғасады.

Егер тостағандар құрылғыдан 10 минуттан асатын уақыт бойы шығарылған болса, ол ағымдағы ас әзірлеу бағдарламаларынан шығады.

- Ас әзірлеу процесін уақытша тоқтату үшін START/STOP (БАСТАУ/ТОҚТАТУ) пернесін **18** басыңыз. Ас әзірлеу процесін қайта жалғастыру үшін START/STOP (БАСТАУ/ТОҚТАТУ) пернесін тағы бір рет басыңыз.

Ас әзірлеу процесін екі тостағанның екеуі бірдей (алайда жұмыстың синхронды аяқталу режимінде емес) қолданылған кезде уақытша тоқтату үшін тиісті тостағанның пернесін **11/15** басу арқылы А немесе В тостағанын таңдаңыз. Артынан ас әзірлеу процесін уақытша тоқтату үшін START/STOP (БАСТАУ/

ТОҚТАТУ) пернесін басыңыз. Ас әзірлеу процесін қайта жалғастыру үшін START/STOP (БАСТАУ/ТОҚТАТУ) пернесін қайта басыңыз.

Егер ас әзірлеу процесі 10 минуттан артық уақытқа уақытша тоқтатылған болса, орындалып отырған ас әзірлеу бағдарламалары күшін жояды.

- Ас әзірлеу процесін екі тостағанның екеуі бірдей (жұмыстың синхронды аяқталу режимінде) қолданылған кезде уақытша тоқтату үшін START/STOP (СТАРТ/СТОП) пернесін **18** басыңыз. Ас әзірлеу процесін қайта жалғастыру үшін START/STOP (БАСТАУ/ТОҚТАТУ) пернесін қайта басыңыз.

Кез келген тостағандағы ас әзірлеу процесін (жұмыстың синхронды аяқталу режимінде) уақытша тоқтату үшін жұмыстың синхронды аяқталу функциясын өшіру үшін SYNC FINISH пернесін **21** басыңыз. Артынан тиісті тостағанның пернесін **11/15** басумен, А немесе В тостағанын таңдап алыңыз. Артынан ас әзірлеу процесін уақытша тоқтату үшін START/STOP (СТАРТ/СТОП) пернесін басыңыз. Ас әзірлеу процесін қайта жалғастыру үшін START/STOP (БАСТАУ/ТОҚТАТУ) пернесін қайта басыңыз (осы операциялардан кейін жұмыстың синхронды аяқталу функциясы өшеді, екі тостағандағы ас әзірлеу уақыты синхрондалмаған болады).

- Басталған ас әзірлеу процесерін тоқтату үшін және барлық ас әзірлеу бағдарламаларының күшін жою үшін қосу пернесін (⏻) **20** басыңыз.

Құрылғы (⏻) қосу түймешігі басылғаннан кейін күту режиміне қайтып оралады.

Құрылғының ішкі құрылғылары құрылғы жеткілікті мөлшерде суыған сәтке дейін жұмыс істей беруі мүмкін.

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

- Ұсағырақ құрамдас өнімдер әдетте ірілерімен салыстырғанда азырақ уақытта әзірленеді.
- Ас әзірлеу кезінде **5/6** тостағандарды шығарып, ішіндегі өнімдерді сілкілеп немесе аударып отырыңыз, бұл түпкілікті нәтижені оңтайландыруға және астың біркелкі емес түрде пісуінің алдын алуға көмектеседі.
- Аэрогрильде сосискалар сияқты өте майлы өнімдерді қуырмаңыз.
- Тұмшапеште әзірлеуге болатын басытқыларды аэрогрильде әзірлеуге болады.
- Егер сіз тәтті нан, кекс немесе киш әзірлегіңіз келсе, табандықтарды шығарып **7**, тостағандардың ішіне табақты немесе нан пісіруге арналған қалыпты салыңыз.

- Құрылғы шамадан тыс түрде қызудан қорғау жүйесімен қамтылған. Егер құрылғы автоматты түрде өшіп қалып отырса, желілік бау **4** ажыратып, аэрогрильді қайта қоспас бұрын толығымен суынуын күтіңіз.

АҚАУЛЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Құрылғы істемейді.	Құрылғы розеткаға жалғанбаған.	Желілік бау 4 желілік розеткаға жалғаңыз.
	Тостағандар 5 / 6 дұрыс қойылмаған.	Тостағандарды аэрогрильдің корпусына 1 толығымен қойыңыз.
	Құрылғы шамадан тыс қыза береді.	Қуат сымын ажыратыңыз және аэрогрильді қайта қоспас бұрын толықтай суынуын күтіңіз.
Ас әзірлеу бағдарламаларын баптау немесе өзгерту мүмкін болмауда.	Сіз тостағанды дұрыс таңдамадыңыз.	Ас әзірлеу бағдарламаларын баптап немесе өзгертулер енгізбес бұрын тиісті пернені 11 / 15 басқаныңызға көз жеткізіңіз (“Тостағандарды дұрыс таңдау бойынша маңызды ескерту” тарауын қар.).
Ас әзірлеу нәтижелері қанағаттандырылмайды.	Тостағандарға тым көп зат салынған.	Асты шағын порциялармен әзірлеңіз.
	Ас әзірлеу температурасы тым төмен немесе тым жоғары.	Лайықты ас әзірлеу температурасын таңдаңыз.
	Құрамдас өнімдердің кейбір түрлерін ас әзірлеу барысында сілкілеп немесе аударып отыру қажет.	Тостағандарды ас әзірлеу барысында аракідік шығарып отырыңыз.
Қуырылған басытқылар қытырламайды.	Құрамдас өнімдердің майы жоқ.	Олар қытырлақ болып шығу үшін аздап май жағыңыз.
Аэрогрильден ақ түтін шығуда.	Сіз тым майлы құрамдас заттарды қолданып отырсыз.	Тостағандардың түбіне жиналған май ақ түтін бөледі және тостағандар әдеттегіден қаттырақ қызып отыруы мүмкін. Бұл аэрогрильдің жұмысына немесе ас әзірлеудің нәтижесіне әсер етпейді.
	Тостағандарда алдыңғы ас әзірлеу кезінде пайдаланылған май қалған.	Тостағандарды әр пайдаланып болған сайын жақсылап тазартып отырыңыз.

Жаңадан әзірленген чипсылар аэрогрильге қуырылғаннан кейін қытырлақ болмай шығады.	Чипсылардың қытырлақ қабықшасы майдың және чипсылардағы судың мөлшеріне байланысты. Сіз чипсыларды аэрогрильде қуырмас бұрын тұздадыңыз.	Картоп чипсыларына май қоспас бұрын оларды жақсылап құрғатып алыңыз.
		Картоп чипсылары қытырлақ болып шығу үшін оларды негүрлым ұсақтап тураңыз.
		Қабығы негүрлым қытырлақ болу үшін майды көбірек қосыңыз.
		Чипсыларды аэрогрильде қуырып алғаннан кейін ғана тұздаңыз.
		Картоп чипсыларын олардағы крахмалды кетіру үшін суға салып және жуып алыңыз.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ КҮТІМ ЖАСАУ



АБАЙЛАҢЫЗ!

Күю қаупі!

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қызады және күйдіруі мүмкін.

- Құрылғыны әрбір тазалаудың алдында оның суығанын күтіңіз.

АЛДЫН-АЛА ЕСКЕРТУ!

Қысқа тұйықталу қаупі!

Құрылғының корпусына тиген су қысқа тұйықталуға әкеп соқтыруы мүмкін.

- Корпусына судың еніп жатпағынан көз жеткізіңіз.
- Аэрогрильдің корпусын ешқашан суға салмаңыз.

АЛДЫН-АЛА ЕСКЕРТУ!

Бүліну қаупі!

Құрылғыны дұрыс күтіп ұстамау оның бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

- Агрессивті тазартқыш құралдарды, қылы металды немесе нейлонды щеткаларды, сондай-ақ пышақ, қатқыл қырғыштар және соған ұқсас басқа да өткір немесе металды тазартқыш айлабұйымдарды пайдаланбаңыз. Олар аэрогрильдің бетін бүлдіруі мүмкін.
- Тостағандар мен табандықтарға арнап металды ыдысты пайдаланбаңыз, себебі бұл күйіп жабысуға қарсы жабынды бүлдіруі мүмкін.
- Құрылғыны ыдыс жуғыш машинаға салмаңыз, себебі бұл оның бүлінуіне әкеп соқтырады.

Корпусын тазалау

1. Тазалаудың алдында негізгі қорек бауын **4** корпуста және электржелісінен ажыратып алыңыз.
2. Аэрогрильдің **1** толығымен суынғанын күтіңіз.
3. Корпусын ылғал матамен сүртіңіз. Артынан барлық бөліктерінің толықтай құрғауын күтіңіз.
4. Қажетіне қарай желдету саңылауларына жиналған шаңды кетіру үшін оларды құрғақ щеткамен **3** тазалаңыз.

Тостағандар мен табандықтарды тазалау

1. Тостағандарды **5/6** корпуста **1** шығарыңыз.
2. Тостағандар мен табандықтардың **7** толығымен суынуын күтіңіз.
3. Тостағандардың ішіне қойылған табандықтарды шығарыңыз.
4. Тостағандар мен табандықтарды жұмсақ жуғыш құрал мен қажамайтын губканы қолданумен ыстық сумен жуып алыңыз.
5. Барлық бөлшектерін жуып, артынан жақсылап құрғатып алыңыз.
6. Табандықтарды қайтадан тостағандарға салыңыз, ал артынан тостағандарды қайтадан корпусқа салыңыз.

Сақтау

Құрылғыны сақтауға қоймас бұрын оның барлық бөліктерінің толығымен құрғақ болуын қадағалау қажет.

- Құрылғыны әрдайым құрғақ және таза жерде сақтап отырыңыз.

- Құрылғыны тікелей күн сәулесінен қорғап отырыңыз.
- Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі: ZD2115A

Қорек кернеуі: 220–240 В айнымалы ток

Жиілігі: 50–60 Гц

Қуаттылығы: 1600–1800 Вт

Әр тостағанның көлемі: 4 л

Қызмет мерзімі: 3 жыл

Сақтау жағдайлары: ауаның $-20\text{ }^{\circ}\text{C}$ және $+45\text{ }^{\circ}\text{C}$ аралығындағы температурасы мен 5% және 95% аралығындағы салыстырмалы ылғалдылығы жағдайында, конденсатсыз.

Шығарылған күні туралы ақпарат бұйымның тақшасында және қаптамасында көрсетілген.

БҰЙЫМДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Бұйымның сыртында немесе құжаттамасында көрсетілген бұл символ сіздің электрлік және электронды бұйымыңыз тұрмыстық қалдықтардан бөлек түрде кәдеге жаратылуы тиіс деген мағынаны білдіреді. ЕО-да қалдықтарды қайта өңдеу мақсатында бөлектеп жинау жүйесі көзделген. Қалдықтарды қайта өңдеу туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті билік органына хабарласыңыз.

ӨНІМНІҢ СӘЙКЕСТІГІ МЕН СЕРТИФИКАТТАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Кеден одағының/ЕАЭО-ның келесі техникалық регламенттерінің талаптарына сай болып табылады:

- «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы» (КО ТР 004/2011);
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» (КО ТР 020/2011);
- «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» (ЕАЭО ТР 037/2016).

ӨНДІРУШІ

Dongguan Zhouda Home Appliances Co., Ltd, 6F, Building 8, No. 10 of Qiaoxin West 2nd Road, Qiaotou Town, Dongguan, Guangdong, ҚХР.

Қытайда шығарылған.

Импорттаушы/Шағымдарды қабылдайтын ұйым

«Эмвэй Қазақстан» ЖШС; Абылай хан даңғылы, 53-үй, 501 — кеңсе, А05А2К5 Алматы, Қазақстан, тел.: +7 (727) 321-03-00.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

«Эмвэй Қазақстан» ЖШС (осы жерде және әрі қарай «Эмвэй Қазақстан» компаниясы немесе «Эмвэй») Amway тм екі тостағаны бар iCooktm аэрогрилінің (бұдан әрі — «Аэрогриль») өзін дұрыс (жоғарыда көрсетілгендей) пайдаланған жағдайда өндірістік ақауы жоқ екеніне кепілдік береді. Қазақстан Республикасында аэрогрильдің кепілдік мерзімі 24 айды құрайды (сатып алған күннен бастап). Аэрогрильдің қызмет мерзімі 3 жылды құрайды (алғашқы пайдаланған күннен бастап). Сақтау мерзімі — 24 ай. Аэрогриль оның материалдарынан немесе жасалу сапасынан ақаулар анықталып және мұндай ақаулар «Эмвэй Қазақстан» компаниясының немесе тәуелсіз сараптаманың диагностика жасауының нәтижесінде расталған жағдайда бүлінген (ақаулы) деп саналады. Кепілдіктің шарттары тек Қазақстан Республикасының аумағында күшіне ие болады.

Толығырақ ақпарат алу үшін аэрогрильдің тікелей сатушысына немесе «Эмвэй Қазақстан» ЖШС компаниясына Абылай хан даңғылы, 53-үй, 501-кеңсе, А05А2К5. Алматы, Қазақстан мекенжайы бойынша, +7 (727) 321-03-00 телефоны арқылы хабарласыңыз.

Айрықшалар

Бұл кепілдіктің күші төмендегі сипаттамаларға ие аэрогрильдерге тарамайды:

1. Арналу мақсатына сай емес түрде немесе пайдаланушының нұсқаулығына кереғар болып келетін түрде пайдаланылған аэрогриль.
2. Нашар күтіп ұстаудың, физикалық бүлінудің, саналы түрде дұрыс пайдаланбаудың, деформацияның, өзгерту енгізу мақсатында араласудың, салақ ұстаудың нәтижесінде немесе басқа кез келген түрде бүлінген аэрогриль.
3. Өзін Сатып алушы және/немесе үшінші тұлғалар жөндеген аспап немесе мұндай жөндеу Аспаптың ақаулану себебіне айналған болса.

4. Қалыпты пайдалану режимі жағдайында бөлшектердің, түзілімдер мен агрегаттардың табиғи түрде тозуы.
5. Таңбалау тақшасының болмауы (мех. бүлінуі) және жабдықтың сериялық нөмірін анықтаудың мүмкін болмауы. Аспап пен оның сериялық нөмірі туралы ақпарат берілген тақшаны шешпеніз және бүлдірмеңіз. Ол аспап ақауланған жағдайда оны танып сәйкестендіру үшін қажет.
6. Өндірушіге байланысты болмайтын басқа себептермен туындалған басқа ақаулар.

Сатып алушының құқықтары

Егер кепілдік мерзімі ішінде Кепілдікті қолданудың айрықшаларына жатпайтын кемшілік анықталатын болса, Сатып алушы өзінің ұйғарымы бойынша Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңымен көзделген өзінің құқықтарын жүзеге асырады.

Шағым беру

Осы Кепілдік бойынша шағым беру үшін Сатып алушы «Эмвэй Қазақстан» компаниясын ақау туралы ол анықталған күннен бастап бір (1) ай ішінде, алайда кепілдік мерзімінен аспайтын мерзімде жазбаша ескертуі тиіс.

Сатып алушы сатып алу фактісін растауы тиіс, яғни аэрогрильді сатып алу фактісін растайтын чекті немесе сатып алуының өзге түрдегі растауын ұсынуы тиіс.

Кепілдік күшінің шектелуі

Осы Кепілдіктің шарттары Қазақстан Республикасының аумағында күшіне ие болады.

Осы Кепілдік ақаудың болу салдарынан нұқсан келтірілген жағдайларды санамағанда, аэрогрильдің бағасымен шектеледі. Осы Кепілдіктің күші Сатып алушы өз бетінше жөндеген аэрогрильге тарамайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі көзделмесе, Сатып алушының аэрогрильге қатысты шағым беру құқығы осы Кепілдікпен белгіленеді.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі көзделмесе, ОСЫ КЕПІЛДІК МІНДЕТТІ СИПАТҚА ИЕ БОЛАТЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫМЕН КӨЗДЕЛГЕН КЕПІЛДІКТЕРДІ САНАМАҒАНДА, БАСҚА БАРЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕРДІ АЛМАСТЫРАДЫ.

Бұл Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген мөлшерде «Эмвэй» компаниясы өзінің жауапкершілігін Сатып алушыға аэрогрильдің ақаулану салдарынан келтірілуі мүмкін болатын нақты залалмен шектейді.

Осы Кепілдік Сатып алушының Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнамасымен айқындалған құқықтарын кемсітпейді. Егер қолданыстағы заңнамамен өзгесі көзделмесе, ешкімнің осы Кепілдікке өзгерту немесе толықтыру енгізуге, осы Кепілдіктің кез келген шарттарының немесе шектеулерінің күшін жоюға немесе аэрогрильге қатысты басқа кез келген немесе қосымша кепілдіктер ұсынып отыруға құқы болмайды. Кепілдік бойынша осы Шектеулер Қазақстан Республикасының аумағында күшіне ие болады.

Артикул SKU 316080

YCOOK™